



Қазақстан Республикасы Қаржы министрінің кейбір бұйрықтарына өзгерістер және толықтырулар енгізу туралы

Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің орынбасары - Қаржы министрінің 2023 жылғы 18 қыркүйектегі № 989 бұйрығы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2023 жылғы 21 қыркүйекте № 33443 болып тіркелді

БҰЙЫРАМЫН:

1. Қоса беріліп отырған Қазақстан Республикасы Қаржы министрінің өзгерістер мен толықтырулар енгізілетін кейбір бұйрықтарының тізбесі бекітілсін.

2. Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің Бухгалтерлік есеп, аудит және бағалау әдіснамасы департаменті Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен:

1) осы бұйрықтың Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркелуін;

2) осы бұйрықтың Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің интернет-ресурсында орналастырылуын;

3) осы бұйрық Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркелгеннен кейін он жұмыс күні ішінде Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің Заң қызметі департаментіне осы тармақтың 1) және 2) тармақшаларында көзделген іс-шараларды орындау туралы мәліметтердің ұсынылуын қамтамасыз етсін.

3. Осы бұйрықтың орындалуын бақылау жетекшілік ететін Қазақстан Республикасының қаржы вице-министріне жүктелсін.

4. Осы бұйрық алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Қазақстан Республикасы
Премьер-Министрінің орынбасары -
Қаржы министрі

Е. Жамаубаев

"КЕЛІСІЛДІ"

Қазақстан Республикасының
Жоғары аудиторлық палатасы

Қазақстан Республикасы
Премьер-Министрінің
орынбасары -
Қаржы министрі
2023 жылғы 18 қыркүйектегі
№ 989 Бұйрығымен
бекітілген

Қазақстан Республикасы Қаржы министрінің өзгерістер мен толықтырулар енгізілетін кейбір бұйрықтарының тізбесі

1. "Ішкі мемлекеттік аудит және қаржылық бақылау органдарының орналасу үшін мемлекеттік аудитор біліктілігін куәландыратын сертификаттың болуы қажет лауазымдарының тізбесін бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Қаржы министрінің 2015 жылғы 27 қарашадағы № 591 бұйрығына (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 12503 болып тіркелген) мынадай өзгерістер енгізілсін: кіріспе мынадай редакцияда жазылсын:

"Мемлекеттік аудит және қаржылық бақылау туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 39-бабы 4-тармағына сәйкес **БҰЙЫРАМЫН:**";

Ішкі мемлекеттік аудит және қаржылық бақылау органдарының орналасу үшін мемлекеттік аудитор біліктілігін куәландыратын сертификаттың болуы қажет лауазымдардың тізбесінде:

"Қазақстан Республикасының Конституциялық Кеңесі Төрағасының көмекшісі, кеңесшісі" жолы мынадай редакцияда жазылсын:

"Қазақстан Республикасының Конституциялық Соты Төрағасының көмекшісі, кеңесшісі;"

2. "Тиісті жылға арналған мемлекеттік аудит және қаржылық бақылау объектілерінің тізбесін қалыптастыру және ішкі мемлекеттік аудит жүргізу кезінде қолданылатын тәуекелдерді басқарудың үлгілік жүйесін бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Қаржы министрінің 2015 жылғы 30 қарашадағы № 597 бұйрығына (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 12490 болып тіркелген) мынадай өзгерістер енгізілсін:

кіріспе мынадай редакцияда жазылсын:

"Мемлекеттік аудит және қаржылық бақылау туралы" Қазақстан Республикасының Заңының 14-бабы 10) тармақшасына сәйкес **БҰЙЫРАМЫН:**";

Тиісті жылға арналған мемлекеттік аудит және қаржылық бақылау объектілерінің тізбесін қалыптастыру және ішкі мемлекеттік аудит жүргізу кезінде қолданылатын тәуекелдерді басқарудың үлгілік жүйесінде:

1-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"1. Осы тиісті жылға арналған мемлекеттік аудит және қаржылық бақылау объектілерінің тізбесін қалыптастыру және ішкі мемлекеттік аудит жүргізу кезінде қолданылатын тәуекелдерді басқарудың үлгілік жүйесі (бұдан әрі – Үлгі жүйе) "Мемлекеттік аудит және қаржылық бақылау туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 14-бабы 10) тармақшасына сәйкес әзірленді.";

3-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"3. Үлгі жүйені пайдалану кезінде мынадай негізгі ұғымдар қолданылады:

1) балл – тәуекелді есептеудің сандық өлшемі;

2) балл кестесі – әр Тәуекел көздері индикаторлары мәнінің критерийлері және / немесе интервалдарын рәнжірлеу арқылы тәуекел деңгейін анықтау;

3) ден қою шаралары – мемлекеттік аудит объектілері тәуекелдерінің алдын алу, оларды барынша азайту және жою мақсатында мемлекеттік аудит объектілеріне қатысты мемлекеттік аудит органдары қабылдайтын іс-шаралар;

4) мемлекеттік аудит және қаржылық бақылаудың мәні (бұдан әрі – мемлекеттік аудит мәні) – мемлекеттік органдардың қызметі, соның ішінде мемлекеттік қаржыны басқару, мемлекеттік, салалық және бюджеттік бағдарламалар, мемлекеттік органдардың даму жоспарлары, облыстың, республикалық маңызы бар қаланың, астананың даму жоспарлары;

5) мемлекеттік аудит және қаржылық бақылау объектілері (бұдан әрі – мемлекеттік аудит объектілері) – мемлекеттік органдар, мемлекеттік мекемелер, квазимемлекеттік сектор субъектілері, сондай-ақ бюджеттік қаражатты алушылар;

6) сараптамалық талдау – мамандардың (сарапшылардың) біліктілігі мен біліміне негізделген талдау әдісі.

7) тәуекел – Қазақстан Республикасының бюджет және өзге де заңнамасын сақтамаудың, мемлекеттік аудит объектісіне оқиғаның немесе іс-қимылдың тигізетін жағымсыз әсерінің ықтималдылығы, ол қаржылық бұзушылықтарға, бюджет қаражатының ұрлануына (ысырап болуына) әкеліп, мемлекетке экономикалық зиян шектіруі мүмкін, сондай-ақ бағдарламалық құжаттарда және мемлекеттік органдардың даму жоспарларында қарастырылған нысаналы индикаторлар мен көрсеткіштерге қол жеткізбеу және толық көлемде орындамаудың ықтималдығы;"

2-қосымша осы тізбеге 1-қосымшаға сәйкес жаңа редакцияда жазылсын:

3. "Ішкі аудит қызметтері туралы үлгілік ережені бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Қаржы министрінің 2015 жылғы 30 қарашадағы № 599 бұйрығына (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 12544 болып тіркелген) мынадай өзгерістер енгізілсін:

Ішкі аудит қызметтері туралы үлгілік ережесіндегі

12- тармағы 13)-тармақшасымен мынадай мазмұнда толықтырылсын:

"13) мыналарға:

орталық мемлекеттік органдардың ішкі аудит қызметтері үшін – мемлекеттік органда, оның ведомстволарында, аумақтық бөлімшелерінде, ведомстволық бағынысты ұйымдарында;

облыстардың, республикалық маңызы бар қалалардың, астананың жергілікті атқарушы органдарының ішкі аудит қызметтері үшін – жергілікті бюджеттерден қаржыландырылатын және тиісті облыстың, республикалық маңызы бар қаланың, астананың әкімшілік бағынысты аумағындағы атқарушы органдарда, олардың бөлімшелерінде және ведомстволық бағынысты ұйымдарында ақпараттық жүйелердің деректерін талдауды жүзеге асырады."

4. "Қаржылық есептілік аудиті" рәсімдік стандартын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Қаржы министрінің 2017 жылғы 24 сәуірдегі № 272 бұйрығына (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 15209 болып тіркелген) мынадай өзгерістер енгізілсін:

көрсетілген бұйрықпен бекітілген "Қаржылық есептілік аудиті" рәсімдік стандартында:

94-тармақтың бесінші абзацы мынадай редакцияда жазылсын:

"Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі құрған республикалық мемлекеттік кәсіпорындарды қоспағанда, республикалық мемлекеттік кәсіпорындардың таза кірісінің бір бөлігін аудару нормативін бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрінің 2015 жылғы 25 ақпандағы № 134 бұйрығымен (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 10545 болып тіркелген) бекітілген Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі құрған республикалық мемлекеттік кәсіпорындарды қоспағанда, республикалық мемлекеттік кәсіпорындардың таза кірісінің бір бөлігін аудару нормативін;"

көрсетілген рәсімдік стандартқа 3-қосымша осы Тізбеге 2-қосымшаға сәйкес жаңа редакцияда жазылсын:

5. "Ішкі мемлекеттік аудит және қаржылық бақылау жүргізу қағидаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Қаржы министрінің 2018 жылғы 19 наурыздағы № 392 бұйрығына (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 16689 болып тіркелген) мынадай өзгерістер мен толықтырулар енгізілсін:

көрсетілген бұйрықпен бекітілген Ішкі мемлекеттік аудит және қаржылық бақылау жөніндегі уәкілетті органның ішкі мемлекеттік аудит және қаржылық бақылау жүргізу қағидаларында:

7-тармақтың төртінші бөлігі мынадай редакцияда жазылсын:

"Қазақстан Республикасы Қаржы министрінің 2015 жылғы 30 қарашадағы № 598 бұйрығымен бекітілген "Камералдық бақылау жүргізу қағидаларына" (нормативтік құқықтық актілерді тіркеу Тізілімінде № 12599 болып тіркелді) сәйкес жіберілген камералдық бақылау нәтижелері бойынша анықталған бұзушылықтарды жою туралы хабарламаны мемлекеттік аудит объектісі орындағаннан кейін 10 (он) жұмыс күні өткен соң тапсырыс берушінің, мемлекеттік сатып алуды ұйымдастырушының, мемлекеттік сатып алуды бірыңғай ұйымдастырушының, комиссиялардың, сарапшының, мемлекеттік сатып алу саласындағы бірыңғай оператордың әрекеттеріне (әрекетсіздігіне), шешімдеріне шағымдары бойынша ведомство және оның аумақтық бөлімшелері жоспардан тыс аудитті жүргізеді.";

16-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"16. Заңның 18-бабының 2-тармағына сәйкес тиісті қаржы жылына арналған мемлекеттік аудит объектілерінің тізбесін ведомствоның басшысы бекітеді.

Ведомствоның мемлекеттік аудит объектілерінің тізбесі әзірленеді және жоспарланған жылдың алдындағы жылдың 10 желтоқсанына дейін бекітіледі және олар бекітілген күннен бастап күнтізбелік 3 (үш) күн ішінде ішкі аудит қызметтеріне жіберіледі.

Ведомствоның мемлекеттік аудит объектілерінің бекітілген тізбесі, сондай-ақ оған өзгерістер олар бекітілген күннен бастап 5 (бес) күнтізбелік күн ішінде "Қазақстан Республикасында құпиялылық режимін қамтамасыз ету жөніндегі нұсқаулық" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2000 жылғы 14 наурыздағы № 390-16қ қаулысымен бекітілген Қазақстан Республикасында құпиялылық режимін қамтамасыз ету жөніндегі нұсқаулыққа (бұдан әрі – Нұсқаулық) сәйкес құпиялық, қызметтік, коммерциялық немесе заңмен қорғалатын өзге құпиялық режимін есепке ала отырып, ведомствоның интернет-ресурсында орналастырылады.";

мынадай мазмұндағы 29-1-тармақпен толықтырылсын:

"29-1. Мемлекеттік аудит объектілерін алдын ала зерделеу нәтижелері туралы ақпарат Қағидаларға 1-1-қосымшаға сәйкес нысан бойынша жасалады.";

42-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"42. Мемлекеттік аудит объектісінің басшысына немесе аудиторлық іс-шара оған айтылып жүзеге асырылатын лауазымды адамға аудиторлық іс-шараны жүргізуге арналған нұсқау берілген күннен бастап 2 (екі) жұмыс күнінен кешіктірілмей осы Қағидаларға 6-қосымшаға сәйкес нысан бойынша нысан бойынша мемлекеттік аудит тобының жетекшісі немесе мемлекеттік аудитор қол қойған мемлекеттік аудит объектісінің мәліметтерді, ақпараттарды, құжаттарды (материалдарды) ұсынуы жөніндегі талап тапсырылады.";

50-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"50. Мемлекеттік аудитті жүргізу мерзімін ұзарту қажет болған кезде, жүргізу мерзімі аяқталғанға дейін кемінде 1 (бір) жұмыс күні қалғанда құқықтық статистика және арнайы есепке алу жөніндегі органдарды хабардар ете отырып, аудиторлық іс-шараны жүргізуге жауапты тұлғаның жазбаша қолдаухаты бойынша ведомство және оның аумақтық бөлімшелері басшысы мерзімді ұзартуы мүмкін.";

62-2-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"62-2. Ведомство және оның аумақтық бөлімшелері қаржылық есептілікке ішкі мемлекеттік аудит жүргізу басталғанына дейін 10 (он) жұмыс күн бұрын орталық мемлекеттік және жергілікті атқарушы органдарға аудит жүргізу мерзімін көрсете отырып, оны мемлекеттік аудит тобына енгізу үшін аудит қызметі мемлекеттік аудиторының кандидатурасын ұсыну туралы сұрау салу жібереді.

Орталық мемлекеттік және жергілікті атқарушы органдар ішкі аудит қызметінің мемлекеттік аудиторының кандидатурасын ведомствоға және оның аумақтық бөлімшелеріне 5 (бес) жұмыс күні ішінде ұсынады.";

70-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"70. Алдын ала зерделеу қорытындысы бойынша бірлескен тексеру жоспарының, бағдарламасының және аудиторлық тапсырмалардың жобалары жасалады. Бірлескен тексеру бағдарламасының әзірленген жобасын бірлескен тексеру жүргізуге қатысатын мемлекеттік орган жібереді. Мемлекеттік аудит органдары мен бірлескен тексеру жүргізуге қатысатын мемлекеттік органдар аудиторлық іс-шара басталғанға дейін кемінде 5 (бес) жұмыс күні бұрын бірлескен тексеру бағдарламасының жобасын келіседі.";

77-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"77. Аудиторлық есепке немесе қаржылық есептілік жөніндегі аудиторлық есепке жазбаша қарсылықты бірлескен тексеру жүргізуге жауапты мемлекеттік орган қарайды. Тексеру объектісіне жауапты қол қойылған аудиторлық есеп немесе қаржылық есептілік жөніндегі аудиторлық есеп ұсынылған күннен бастап 10 (он) жұмыс күні ішінде жазбаша қарсылық келіп түскен мемлекеттік орган жібереді.";

81, 82 және 83-тармақтар мынадай редакцияда жазылсын:

"81. Мемлекеттік аудит органдары қатар тексеруге қатысқан мемлекеттік органдармен бірлесіп алдын ала зерделеу қорытындысы бойынша қатар тексеру жоспарының жобасын жасайды. Қатар тексеру мен аудиторлық тапсырма бағдарламалары қатар тексеру жүргізуге қатысатын мемлекеттік органдарға жіберіледі. Мемлекеттік органдар бойынша тексерілетін мәселелер тізбесін бөлу тексеру басталғанға дейінгі кемінде 5 (бес) жұмыс күні бұрын жүзеге асырылады.

82. Қатар тексеру жүргізуге қатысатын мемлекеттік органдар мәселелер тізбесі, мемлекеттік аудит объектілері негізінде жоспар мен бағдарлама жобаларын әзірлейді, бұл ретте аудиторлық іс-шара басталғанға дейін кемінде 5 (бес) жұмыс күні бұрын қатар тексеру жүргізуге қатысатын мемлекеттік органдарға келісу үшін жіберілетін тексерудің қосымша мәселелерін қоса отырып, негізгі тексерілетін тізбені кеңейтуге жол беріледі.

83. Қатар тексеру жоспарын, бағдарламасын және аудиторлық тапсырмаларды әр тарап өз бетінше (тексеру объектілерінің, бюджеттік бағдарламалар мен активтердің атауын, тексеру мәселелерін көрсете отырып) қатар тексеру басталғанға дейін 2 (екі) жұмыс күні бұрын бекітеді.";

88-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"88. Аудиторлық есепке немесе қаржылық есептілік жөніндегі аудиторлық есепке жазбаша қарсылықты тексеру жүргізген мемлекеттік орган қарайды. Тексеру объектісіне жауапты қол қойылған аудиторлық есеп немесе қаржылық есептілік жөніндегі аудиторлық есеп ұсынылған күннен бастап 10 (он) жұмыс күні ішінде жазбаша қарсылық келіп түскен мемлекеттік орган жібереді.";

99-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"99. Аудиторлық есеп немесе қаржылық есептілік жөніндегі аудиторлық есеп екі данада жасалады және танысу үшін мемлекеттік аудит объектісінің басшысына немесе оның орнындағы тұлғаға:

1) жүргізу мерзімі 15 (он бес) жұмыс күнін құрайтын аудиторлық іс-шаралар бойынша – мемлекеттік аудит объектісіндегі аудиторлық іс-шара аяқталғанша кемінде 1 (бір) жұмыс күнінен кешіктірмей (үстеме тексерулердің аудиторлық есептерін, бақылау өлшемдерінің (қарап тексерулерінің) актісін қоспағанда);

2) мерзімі 15 (он бес) жұмыс күнінен асатын аудиторлық іс-шара жүргізілген жағдайда – мемлекеттік аудит объектісіндегі аудиторлық іс-шара аяқталғанша кемінде 2 (екі) жұмыс күнінен кешіктірмей ұсынылады.";

101-тармақтың үшінші бөлігі мынадай редакцияда жазылсын:

"Аудиторлық есепке немесе қаржылық есептілік жөніндегі аудиторлық есепке мемлекеттік аудит объектісі қарсылықты уәкілетті органның жанындағы апелляциялық комиссияға қол қойылған аудиторлық есеп немесе қаржылық есептілік жөніндегі аудиторлық есеп ұсынылған күннен бастап 10 (он) жұмыс күнінен аспайтын мерзімде осы Қағидаларға 12-1-қосымшаға сәйкес нысан бойынша жіберіледі.";

мынадай мазмұндағы 101-1-тармақпен толықтырылсын:

"101-1. Мемлекеттік аудит объектісінің басшысы аудиторлық есепті алған күннен кейін 2 (екі) жұмыс күні ішінде мемлекеттік аудиттің аудиторлық іс-шаралары мүдделеріне әсер еткен кәсіпкерлік субъектілері мен өзге де тұлғаларды ақпараттық жүйелер және/немесе электрондық пошта, сондай-ақ пошта байланысы арқылы жазбаша түрде анықталған қаржылық бұзушылықтар туралы хабардар етеді.

Апелляциялық комиссияға қарсылық берген кезде мемлекеттік аудит объектісі кәсіпкерлік субъектілерінің және өзге де тұлғалардың аудиторлық есепке және/немесе қаржылық есептілік бойынша аудиторлық есепке ескертулерін ескереді.";

102-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"102. Аудиторлық есепке немесе қаржылық есептілік жөніндегі аудиторлық есепке қол қойылған аудиторлық есеп және (немесе) қаржылық есептілік жөніндегі аудиторлық есеп ұсынылған күннен бастап 10 (он) жұмыс күн өтіп кеткеннен кейін келіп түскен қарсылықтар қаралуға жатпайды.";

107-тармақтың бірінші бөлігінің 3) тармақшасына редакциялық түзету орыс тілінде енізіледі қазақ тіліндегі мәтін өзгермейді:

"3) Қазақстан Республикасының заңнамасының нормаларын, сондай-ақ квазимемлекеттік сектор субъектілері оларды іске асыру үшін қабылдаған актілерін бұзушылықтар анықталған кезде мемлекеттік аудитор мемлекеттік аудит объектісінің орындауы үшін міндетті құжат болып табылатын анықталған бұзушылықтарды жою және оларға жол берген тұлғалардың жауапкершілігін қарау туралы нұсқаманы осы Қағидаларға 14-қосымшаға сәйкес нысан бойынша қалыптастырады;"

113-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"113. Ведомство және оның аумақтық бөлімшелері аудиторлық қорытынды бекітілгеннен кейін 3 (үш) жұмыс күні ішінде құқықтық статистика және арнайы есепке алу саласындағы уәкілетті органға электрондық ақпараттық есепке алу құжатын – хабарлама-талон береді.";

120-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"120. Нұсқама аудиторлық қорытынды бекітілгеннен кейін 1 (бір) жұмыс күні ішінде мемлекеттік аудит объектісіне жіберіледі.";

125-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"125. Аудит тобының жетекшісі мемлекеттік аудит объектісінен ақпаратты (растаушы құжаттарды) алған күннен бастап 5 (бес) жұмыс күні ішінде мемлекеттік аудит объектісінің ұсынымдар мен нұсқамаларды орындау толықтығына талдау жүргізеді.

Аудиторлық іс-шаралар негізінде сот тәртібінде қарау және (немесе) қылмыстық іс жүргізу немесе өзге аудит объектісіне байланысты емес негіздер бойынша жүзеге асырылған жағдайларды қоспағанда, нұсқамалардың тармақтарын орындау мерзімін мемлекеттік аудит объектісінің дәлелденген негіздемелері болған кезде 2 (екі) реттен асырмай ұзартуға жол беріледі.

Ұсынымдар мен нұсқамалар толық орындалған жағдайда осы Қағидаларға 15-қосымшаға сәйкес нысан бойынша аудиторлық іс-шараның аяқталғаны туралы анықтама жасалады.";

129-тармақта:

жетінші бөлігі мынадай редакцияда жазылсын:

"Аудиторлық іс-шараның негізгі кезеңінде сапаны бақылау аудиторлық есептің және оларға қоса берілген Тізілімнің жобалары бойынша оларды аудит объектісіне жібергенге дейін 5 (бес) жұмыс күні ішінде жүзеге асырылады.";

сегізінші бөлігі мынадай редакцияда жазылсын:

"Негізгі кезең бойынша сапаны бақылауды жүргізу өлшемшарттары:

аудиторлық есеп жобасының немесе қаржылық есептілік жөніндегі аудиторлық есептің, сондай-ақ қарсы тексеру актісінің осы Қағидаларда белгіленген құрылымдар мен нысандарға сәйкестігі;

аудит бағдарламасы мәселелерінің дәйектілігі мен тізбесіне қатаң сәйкестікті, онда жазылған мәліметтердің анықтығын, объективтілігін қамтамасыз ету, сондай-ақ аудит бағдарламасының әрбір сұрағына жауаптардың болуы;

аудит бағдарламасында көзделмеген мәселелер бойынша аудитті жүзеге асыру;

аудит жүргізу барысында Аудит жоспары мен бағдарламасына өзгерістер енгізудің негізділігі;

көрсетілген бұзушылық фактілерінің объективтілігі және анықталған бұзушылықтарды көрсету және олардың біліктілігі кезінде заңнаманы қолданудың дұрыстығы;

белгіленген бұзушылықтар бойынша қажетті дәлелдеу базасының болуы;
жеке және заңды тұлғалардың өтініштерін объективті және жан-жақты қарауды қамтамасыз ету;

бақылау өлшемі (қарап тексеру) актілерінің болуы, қажет болған жағдайда оларды жасау, аудиторлық іс-шараның мақсатына қол жеткізуді бағалау;

жеткілікті және тиісті дәлелдер келтіре отырып, пікір білдіруден бас тартудың негізділігі;

оң немесе ескертпесі бар пікір білдіру үшін дәлелді негіздемелермен толық ашу.";
тоғызыншы бөлігі мынадай редакцияда жазылсын:

"Аудиторлық іс-шараның қорытынды кезеңінде сапаны бақылау аудиторлық қорытындының, нұсқаманың жобасына, аудит объектісіне аудиторлық есептің уақтылы ұсынылуына оларға қол қойылғанға және бекітілгенге дейін 3 (үш) жұмыс күні ішінде жүзеге асырылады.";

131-тармақтың екінші бөлігі мынадай редакцияда жазылсын:

"Бір аудиторлық іс-шараның екінші деңгейдегі сапа бақылауын жүргізу ұзақтығы екінші деңгейдегі сапа бақылауын жүргізу үшін негіз болған құжат келіп түскен күннен бастап 20 (жиырма) жұмыс күнінен аспайтын кезенді құрайды. Қосымша зерделеу немесе тексеру жүргізу қажет болған кезде екінші деңгейдегі сапа бақылауын жүргізу мерзімі Қазақстан Республикасының Әкімшілік рәсімдік-процестік кодексінің 76-бабына сәйкес ұзартылады.";

133-тармақтың бірінші бөлігі мынадай редакцияда жазылсын:

"133. Аудиторлық есепке, қаржылық есептілік жөніндегі аудиторлық есепке қарсылықтар келіп түскен жағдайда уәкілетті органның құрылымдық немесе аумақтық бөлімшелері оларды қарау бойынша дәлелдерді, растайтын құжаттарды уәкілетті органның жанындағы апелляциялық комиссияға 3 (үш) жұмыс күні ішінде Заңмен белгіленген тәртіппен қарау үшін беріледі.";

136-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"136. Екінші деңгейдегі сапаны бақылау қорытындысы 3 (үш) жұмыс күні ішінде тиісті ішкі мемлекеттік аудит органына жіберіледі.";

осы Тізбеге 3 қосымшаға сәйкес 1-1 қосымшамен толықтырылсын;

көрсетілген Қағидаларға 7-қосымша осы Тізбеге 4-қосымшаға сәйкес жаңа редакцияда жазылсын;

осы бұйрықпен бекітілген Ішкі аудит қызметтерінің ішкі мемлекеттік аудит және қаржылық бақылау жүргізу қағидаларында:

7-тармақтың бірінші бөлімі мынадай редакцияда жазылсын:

"7. Ішкі мемлекеттік аудит, Заңның 18 бабына сәйкес қалыптастырылған тиімділік аудиті бойынша ішкі аудит қызметтерінің тиісті жылға арналған мемлекеттік аудит және қаржылық бақылау объектілерінің (бұдан әрі - мемлекеттік аудит объект) тізбесі және сәйкестік аудиті бойынша ішкі аудит қызметтерінің тиісті жылға арналған

мемлекеттік аудит объектілерінің тізбесі (бұдан әрі – сәйкестік аудиті бойынша мемлекеттік аудит объектілерінің тізбесі) негізінде жүргізіледі.

Ішкі аудит қызметтері егер тиісті объектілер Қазақстан Республикасы Жоғарғы аудиторлық палатасының (бұдан әрі – Жоғарғы аудиторлық палата), облыстардың, республикалық маңызы бар қалалардың, астананың тексеру комиссиясының (бұдан әрі – тексеру комиссиялары) және ішкі мемлекеттік аудит жөніндегі уәкілетті органның (бұдан әрі – уәкілетті орган) мемлекеттік аудит объектілерінің тізбесіне еңбесе, орталық мемлекеттік органның, облыс, республикалық маңызы бар қала, астана әкімінің тапсырмасы бойынша жоспардан тыс мемлекеттік аудитті жүргізеді.";

мынадай мазмұндағы 26-1-тармақпен толықтырылсын:

"26-1. Мемлекеттік аудит объектілерін алдын ала зерделеу нәтижелері туралы ақпарат осы Қағидаларға 1-1-қосымшаға сәйкес нысан бойынша жасалады.";

29-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"29. Аудит бағдарламасы мемлекеттік аудит көрсеткіштерін және әрбір көрсеткішке аудиторлық іс-шараның егжей-тегжейлі мәселелерін қамтиды.";

38-тармақтың бірінші бөлігі мынадай редакцияда жазылсын:

"38. Мемлекеттік аудит объектісінің басшысына немесе лауазымды тұлғаға аудиторлық іс-шараны жүргізуге арналған тапсырма берілген күннен бастап 2 (екі) жұмыс күнінен кешіктірілмей осы Қағидаларға 6-қосымшаға сәйкес нысан бойынша мемлекеттік аудит тобының жетекшісі немесе мемлекеттік аудитор қол қойған мемлекеттік аудит объектісінің мәліметтерді, ақпараттарды, құжаттарды (материалдарды) ұсынуы жөніндегі талап тапсырылады.";

45-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"45. Мемлекеттік аудитті жүргізу мерзімін ұзарту қажет болған кезде мерзім ол аяқталғанға дейін кемінде 1 (бір) жұмыс күні қалғанда ұзартылады және аудиторлық іс-шараны жүргізуге жауапты тұлғаның жазбаша қолдаухаты бойынша мемлекеттік органның бірінші басшысының тиісті актісімен, облыс, республикалық маңызы бар қала, астана әкімі ресімдейді.";

63-тармақтың бірінші бөлігі мынадай редакцияда жазылсын:

"63. Мемлекеттік аудит жүргізілген мемлекеттік аудит объектілерінің әрқайсысы бойынша аудиторлық іс-шара нәтижелері 7-қосымшаға сәйкес сәйкестік аудиті бойынша аудиторлық есеппен және 7-1-қосымшаға сәйкес тиімділік аудиті бойынша аудиторлық есеппен рәсімделеді.";

70-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"70. Аудиторлық есеп 2 (екі) данада жасалады және танысу және қол қою үшін мемлекеттік аудит объектісінің басшысына немесе оны алмастыратын тұлғаға:

1) жүргізу мерзімі 15 (он бес) жұмыс күнін құрайтын аудиторлық іс-шаралар бойынша – мемлекеттік аудит объектісіндегі аудиторлық іс-шара аяқталғанша кемінде

1 (бір) жұмыс күнінен кешіктірмей (үстеме тексерулердің аудиторлық есептерін, бақылау өлшемдерінің (қарап тексерулерінің) актісін қоспағанда);

2) мерзімі 15 (он бес) жұмыс күнінен асатын аудиторлық іс-шара жүргізілген кезде – мемлекеттік аудит объектісіндегі аудиторлық іс-шара аяқталғанша кемінде 2 (екі) жұмыс күнінен кешіктірмей ұсынылады.";

72-тармақтың үшінші бөлігі мынадай редакцияда жазылсын:

"Аудиторлық есепке жазбаша қарсылықтар қол қойылған аудиторлық есеп ұсынылған күннен бастап 10 (он) жұмыс күнінен аспайтын мерзімде ішкі аудит қызметіне жіберіледі.";

мынадай редакциядағы 72-1-тармақпен толықтырылсын:

"72-1. Мемлекеттік аудит объектісінің басшысы аудиторлық есебін алған күннен кейін 2 (екі) жұмыс күні ішінде ақпараттық жүйелер және/немесе электрондық пошта, сондай-ақ пошта байланысы арқылы мүдделері мемлекеттік аудиттің аудиторлық іс-шаралары қозғаған кәсіпкерлік субъектілерінің және өзге де тұлғалардың анықталған қаржылық бұзушылықтары туралы хабардар етеді.

Мемлекеттік аудит және тәуекелдер жөніндегі кеңеске қарсылық берген кезде мемлекеттік аудит объектісі кәсіпкерлік субъектілерінің және өзге де тұлғалардың аудиторлық есепке берілген ескертулерін ескереді."

73-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"73. Қол қойылған аудиторлық есеп ұсынылған күннен бастап 10 (он) жұмыс күні өткен соң түскен аудиторлық есепке қарсылықтар қарастыруға жатпайды.

Аудиторлық есепке наразылықты қарау және оған жауапты жолдау мерзімі наразылық тіркелген күннен бастап 30 (отыз) күнтізбелік күнінен аспайды.";

76-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"76. Мемлекеттік аудитор немесе мемлекеттік аудит тобының жетекшісі аудиторлық іс-шара аяқталғаннан кейін немесе іссапардан келген күнінен бастап 1 (бір) жұмыс күні ішінде аудиторлық іс-шара материалдарын тізімдемеде құжаттардың атаулары мен парақ сандарын көрсете отырып, жинақтау папкасына қалыптастырады.";

77-тармақтың екінші бөлігі мынадай редакцияда жазылсын:

"Ұсынымдарды қарау және бұзушылықтардың жойылғаны туралы шешімнің (өкімнің) жобасымен ішкі аудит нәтижелері туралы есеп орталық мемлекеттік органның бірінші басшысына немесе облыстың, республикалық маңызы бар қаланың, астананың әкіміне немесе олардың міндетін атқарушы тұлғаларға наразылық қарау нәтижесі бойынша шешім қабылдағанша немесе мемлекеттік аудит объектісіндегі аудиторлық іс-шара аяқталғанша 20 (жиырма) жұмыс күнінен кешіктірмей ұсынылады.";

79-тармақтың бірінші бөлігі мынадай редакцияда жазылсын:

"79. Ұсынымдарды қарау және бұзушылықтардың жойылғаны туралы шешім (өкім) және ішкі аудит нәтижелері туралы есеп орталық мемлекеттік органның бірінші басшысы немесе облыстардың, республикалық маңызы бар қаланың, астананың әкімі

шешім (өкім) қабылдаған күннен бастап 3 (үш) жұмыс күні ішінде мемлекеттік аудит объектісіне жіберіледі.";

88-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"88. Аудиторлық іс-шараны жүргізуге жауапты тұлға мемлекеттік аудит объектісінен ақпаратты (растаушы құжаттарды) алған күннен бастап 5 (бес) жұмыс күні ішінде мемлекеттік аудит объектісінің ұсынымдарды орындау толықтығына талдау жүргізеді.";

90-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"90. Ішкі аудит қызметтері құжаттарының сапасын бақылауды ведомство және оның аумақтық бөлімшелері тоқсан сайын:

есепті кезеңде ішкі аудит қызметтері жүргізген аудиторлық іс-шаралардың жалпы санының 30 (отыз) пайызы көлемінде тиімділік аудиті бойынша;

100 (жүз) пайыз көлемінде сәйкестік аудиті бойынша жүзеге асырады.

Қағидалардың осы тармағына өзгерістер мен толықтырулар енгізілгенге дейін Ішкі аудит қызметтері жүргізген мемлекеттік сәйкестік аудитінің нәтижелері бойынша құжаттардың сапасын бақылау мемлекеттік аудит және қаржылық бақылау органдарының мемлекеттік аудит объектілерінің тізбесіне енгізу үшін сұрау салулары бойынша жүзеге асырылады.";

94-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"94. Ішкі аудит қызметтерінің бір аудиторлық іс-шарасына сапа бақылауын жүргізу ұзақтығы ведомствоға немесе оның аумақтық бөлімшесіне аудиторлық іс-шараның барлық құжаттары түскен күннен бастап 20 (жиырма) жұмыс күнінен аспайды.";

104-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"104. Кеңестің шешімі хаттама түрінде ресімделеді және ұсынымдық сипатта болады.

Кеңестің шешімі мүдделер қақтығысы қағидатын есепке ала отырып қабылданады.

Кеңес шешімі оған қол қойылған күннен бастап 5 (бес) жұмыс күні ішінде мемлекеттік органның интернет ресурсында жариялануға жатады.";

осы Тізбеге 5-қосымшаға сәйкес 1-1-қосымшамен толықтырылсын:

көрсетілген Қағидаларға 7-қосымша осы Тізбеге 6-қосымшаға сәйкес жаңа редакцияда жазылсын.

6. "Электрондық ішкі мемлекеттік аудит қағидаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Қаржы министрінің 2018 жылғы 28 наурыздағы № 413 бұйрығына (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 16677 болып тіркелген) мынадай өзгеріс енгізілсін:

Электрондық ішкі мемлекеттік аудит қағидаларында:

1-тармақтың төртінші бөлігі редакцияда жазылсын:

"Сәйкестіктің электрондық ішкі мемлекеттік аудиті, тиімділік аудиті және қаржылық есептілік аудиті Қазақстан Республикасы Қаржы министрінің 2018 жылғы

19 наурыздағы № 392 бұйрығымен (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 16689 болып тіркелген) бекітілген Ішкі мемлекеттік аудит және қаржылық бақылау жүргізу қағидаларына (бұдан әрі - Ішкі мемлекеттік аудит қағидалары), сондай-ақ Қазақстан Республикасы Қаржы министрінің 2022 жылғы 1 ақпандағы № 113 бұйрығымен (нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 26715 болып тіркелген) бекітілген "Сәйкестік аудиті" деген ішкі мемлекеттік аудит пен қаржылық бақылаудың рәсімдік стандартына, Қазақстан Республикасы Қаржы министрінің 2018 жылғы 2 қазандағы № 873 бұйрығымен (нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 17690 болып тіркелген) бекітілген Ішкі аудит қызметтерінің тиімділік аудитін жүргізу бойынша ішкі мемлекеттік аудиттің және қаржылық бақылаудың рәсімдік стандартына және Қазақстан Республикасы Қаржы министрінің 2017 жылғы 24 сәуірдегі № 272 бұйрығымен (нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 15209 болып тіркелген) бекітілген "Қаржылық есептілік аудиті" рәсімдік стандартына сәйкес жүргізіледі.";

7-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"7. Аудиторлық іс-шара басталғанға дейін дайындық кезеңінде мемлекеттік аудит объектісі, электрондық ішкі мемлекеттік аудит ауқымы анықталады, аудит бағдарламасы, аудиторлық нұсқау, аудиторлық іс-шара жүргізу тапсырмасы жасалады.

Осы Қағидаларға 1-қосымшаға сәйкес нысан бойынша аудит бағдарламасын электрондық ішкі мемлекеттік аудит тобының жетекшісі немесе мемлекеттік аудитор жасайды және электрондық ішкі мемлекеттік аудитті жүргізуге жауапты тұлға бекітеді.

Осы Қағидаларға 1-1-қосымшаға сәйкес нысан бойынша Қаржылық есептіліктің электрондық ішкі мемлекеттік аудит бағдарламасын электрондық ішкі мемлекеттік аудит тобының жетекшісі немесе мемлекеттік аудитор жасайды және электрондық ішкі мемлекеттік аудитті жүргізуге жауапты тұлға бекітеді.

Мемлекеттік аудит объектілерін алдын ала зерделеу нәтижелері туралы ақпарат Қағиданың 1-2-қосымшасына сәйкес нысан бойынша жасалады.

Аудиторлық іс-шараны екі және одан көп қатысушылар жүргізген кезде аудиторлық нұсқау осы Қағидаларға 2-қосымшаға сәйкес нысан бойынша жасалады, мемлекеттік аудит тобының мүшелері қол қояды және мемлекеттік аудит тобының басшысы бекітеді.

Аудиторлық іс-шара жүргізуге тапсырманы мемлекеттік аудитор немесе мемлекеттік аудит тобының жетекшісі электрондық ішкі мемлекеттік аудитті жүргізуге жауапты тұлғаның келісуімен, осы Қағидаларға 3-қосымшаға сәйкес жасайды және оған уәкілетті органның немесе оның аумақтық бөлімшелері басшысының немесе оның орнындағы адамның ЭЦҚ-мен, орталық мемлекеттік органның бірінші басшысының, облыс, республикалық маңызы бар қала, астана әкімінің ЭЦҚ-мен қол қойылады.";

Электронды ішкі мемлекеттік аудит қағидаларына 1-қосымша осы Тізбеге 7-қосымшаға сәйкес жаңа редакцияда жазылсын;

Электронды ішкі мемлекеттік аудит қағидаларына 1-1-қосымша осы Тізбеге 8-қосымшаға сәйкес толықтырылсын;

Электронды ішкі мемлекеттік аудит қағидаларына 1-2-қосымша осы Тізбеге 9-қосымшаға сәйкес толықтырылсын;

Электронды ішкі мемлекеттік аудит қағидаларына 4-қосымша осы Тізбеге 10-қосымшаға сәйкес жаңа редакцияда жазылсын.

7. "Ішкі аудит қызметтерінің тиімділік аудитін жүргізу бойынша ішкі мемлекеттік аудиттің және қаржылық бақылаудың рәсімдік стандартын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Қаржы министрінің 2018 жылғы 2 қазандағы № 873 бұйрығына (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 17690 болып тіркелген) мынадай өзгерістер енгізілсін:

кіріспе мынадай редакцияда жазылсын:

"Мемлекеттік аудит және қаржылық бақылау туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 8-бабы 2-тармағының 2) тармақшасына сәйкес **БҰЙЫРАМЫН:**";

көрсетілген бұйрықпен бекітілген Ішкі аудит қызметтерінің тиімділік аудитін жүргізу бойынша ішкі мемлекеттік аудиттің және қаржылық бақылаудың рәсімдік стандартында:

1-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"1. Осы Ішкі аудит қызметтерінің тиімділік аудитін жүргізу бойынша ішкі мемлекеттік аудиттің және қаржылық бақылаудың рәсімдік стандарты (бұдан әрі – Стандарт) "Мемлекеттік аудит және қаржылық бақылау туралы" Қазақстан Республикасы Заңының (бұдан әрі – Заң) 8-бабы 2-тармағының 2) тармақшасына сәйкес әзірленді.";

2-тармақтың бірінші абзацы мынадай редакцияда жазылсын:

"2. Ішкі аудит қызметтері (бұдан әрі – ІАҚ) жүргізетін тиімділік аудитінің мақсаты:"

;

3-тармақтың екінші бөлігі мынадай редакцияда жазылсын:

"Осы Стандарттарда пайдаланатын басқа ұғымдар Қазақстан Республикасының Бюджет кодексінде, Заңда және Қазақстан Республикасының өзге заңнамасында айқындалатын мәндерде қолданылады.";

4-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"4. Тиімділік аудитіне:

Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің ІАҚ қоспағанда, орталық мемлекеттік органдардың ІАҚ үшін – мемлекеттік органдарының, оның ведомстволарының, аумақтық бөлімшелерінің, ведомстволық бағынысты ұйымдарының;

облыстардың, республикалық маңызы бар қалалардың, астананың жергілікті атқарушы органдарының ІАҚ үшін - жергілікті бюджеттерден қаржыландырылатын

және тиісті облыстың, республикалық маңызы бар қаланың, астананың әкімшілік бағыныстылығының аумағындағы атқарушы органдарының, олардың бөлімшелерінің, ведомстволық бағынысты ұйымдарының қызметтерінің барлық бағыттары жатады.";

6-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"6. Осы Стандарт тиімділік аудитін жүргізу процесінде мемлекеттік аудитордың іс-әрекеттерінің жүйелілігін айқындайды және ІАҚ лауазымды тұлғаларына, мемлекеттік аудитордың ассистенттеріне, мемлекеттік аудит жүргізуге тартылған жеке және заңды тұлғаларға қолданылады.";

8-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"8. Тиімділік аудитінің объектілерін немесе жеке оның қызметінің бағыттарын іріктеу мемлекеттік органның дамыту жоспарының және бюджет шығыстарымен өзара байланыстағы аумақтарды дамыту бағдарламаларының орындалуына талдау және мемлекеттік органның өткен жылдардағы жүргізілген операциялық жоспардың көрсеткіштері, мемлекеттік мүлікті басқарудың, корпоративтік басқарудың бағалауының нәтижелеріне талдау, бюджеттік бағдарламалары, мемлекеттік органның басшысының немесе облыс, республикалық маңызы бар қала, астана әкімінің тапсырмалары орындауы, заңды және жеке тұлғалардың өтініштері және өзге де мәліметтері бойынша қызметінің бағыттарының тиімділігін бағалау нәтижелері негізінде жүзеге асырылады.

ІАҚ мемлекеттік аудит объектісімен өзінің функцияларын, мақсаттары мен белгіленген болжалды кезеңге қойылған міндеттерін, жарғылық қызметінің түрлерін (квазимемлекеттік сектор үшін), олардың тиімділігі мен нәтижелілігін орындалуының функционалдық талдауын жүргізеді.";

11-тармақтың 2) тармақшасы мынадай редакцияда жазылсын:

"2) мемлекеттік органның даму жоспарын, аумақтарды дамыту бағдарламасын, мемлекеттік органның қызметінің бағыттары бойынша тиімділігін бағалау нәтижелерін , операциялық жоспардың, бюджеттік бағдарламалардың көрсеткіштерінің орындалуын және өзге де мәліметтерін;"

14-тармақтың үшінші бөлігі мынадай редакцияда жазылсын:

"Тиімділік аудиті ІАҚ қызметкерлерімен жүзеге асырылады, олардың кәсіби білім деңгейі, дағдылары мен тәжірибесі жиынтығы мемлекеттік аудиттің сипатына, ауқымына және күрделілігіне сәйкес болады.";

35-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"35. Туралы есепті жасау және ұсыну нәтижелері ішкі аудит болып табылады шешуші кезеңі тиімділік аудитінің арқылы қамтамасыз етіледі ықпал ету ІАҚ жақсарту зерттелген облысының мемлекеттік басқару және (немесе) қызметті мемлекеттік аудит объектісі.";

38-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"38. Қажет болған жағдайда ІАҚ жүргізеді аудиторлық іс-шара орындау бойынша мемлекеттік аудит объектілері ұсынымдар қалыптастырылған қорытындысы бойынша тиімділік аудитін жүргізген белгілі бір уақыт аралығы.

Жүргізуге және аудиторлық талдау процедураларын іске асыру бойынша қорытындыларын аудит тиімділігін тартылады мемлекеттік аудиторлар, олар тікелей қатысып тиімділік аудитін жүргізу және (немесе) басқа да ІАҚ мемлекеттік аудиторлар."

39-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"39. Аудиторлық іс-шараларды өткізуге жауапты тұлға мемлекеттік аудит объектісінен ақпаратты (растаушы құжаттарды) алған күннен бастап 5 (бес) жұмыс күн ішінде мемлекеттік аудит объектісінің ұсынымдарды уақтылы және олардың толықтығы тұрғысынан орындауына мониторинг жүргізеді.";

40-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"40. ІАҚ басшысы алдында есеп береді орталық мемлекеттік органның басшысымен немесе облыс, республикалық маңызы бар қаланың, астананың нәтижелері туралы аудит тиімділігі мен әсері ұсынымдарды ішкі рәсімдер, бизнес-процестер бойынша жұмыс тиімділігін арттыруға қол жеткізу, тікелей және түпкілікті нәтижелерге объектісінің қызметін мемлекеттік аудит."

Қазақстан Республикасы
Қаржы министрінің
өзгерістер енгізілген кейбір
бұйрықтарының тізбесіне
1-қосымша
Тиісті жылға арналған
мемлекеттік аудит және
қаржылық бақылау
объектілерінің тізбесін
қалыптастыру және ішкі
мемлекеттік аудит жүргізу
кезінде қолданылатын
тәуекелдерді басқарудың
үлгілік жүйесіне
2-қосымша

Тәуекелдердің базалық өлшемшарттары

Бюджеттік бағдарламалар әкімшілері (бұдан әрі – ББӘ) бойынша өлшемшарттар
Көрсеткіштердің атауы
Қол жеткізілмеген нысаналы индикаторлардың, олардың жалпы санына шаққандағы үлесі, пайызбен (бұдан әрі – %)
Орындалмаған іс-шаралардың, олардың жалпы санына шаққандағы үлесі, %-бен
Жалпы санына шаққанда, бастапқыда бекітілген мемлекеттік органның дамыту жоспарында (бұдан әрі – даму жоспары) көзделген бюджеттік бағдарламалардың қол жеткізбеген түпкілікті нәтиженің көрсеткіштерінің үлесі, %-бен

Бастапқы бекітілген даму жоспарында көзделген мәндерге жетпеген бюджеттік бағдарламалардың түпкілікті нәтижесі көрсеткіштерінің үлесі, жалпы санына шаққанда, %-бен
Даму жоспарына енгізілген өзгерістер мен толықтырулардың жиілігі, саны
Мемлекеттік органды қаржыландырудың жылдық көлемі, миллион (бұдан әрі – млн.) тенге
Соңғы 2 (екі) жылда бөлінген, бюджет қаражатының жалпы көлеміне шаққанда бақылаумен қамтылған бюджет қаражатының үлесі, %-бен
Бұрынғы кезеңмен салыстырғанда қаржыландыру көлемінің өсуі/төмендеуі, %-бен
Кезеңнің соңында бюджет қаражатының игерілуі, %-бен
Осы мемлекеттік органмен іске асырып отырған бюджеттік инвестициялық жобалардың саны, бірлік (бұдан әрі – бірл.)
Тиісті кезеңнің шығыстар көлеміне шаққандағы бұрынғы бақылаумен анықталған қаржылық бұзушылықтардың көлемі, %-бен
Бұрынғы кезеңмен салыстырғанда дебиторлық берешек көлемінің өсуі, %-бен
Бұрынғы кезеңмен салыстырғанда кредиторлық берешек көлемінің өсуі, %-бен
Соңғы жүргізілген кешенді тексерудің күні, жылы
Үкімет резервінің есебінен іске асырылатын, бюджеттік бағдарламалардың саны, бірл.
Бюджет қаражаттарын басқару тиімділігін бағалау нәтижелері, балл
МҚБ стандарттарына сәйкес келетін ішкі аудиторлық қызметтердің (бұдан әрі – ІАҚ) аудиторлық есептердің көлемі, %-бен
Соңғы 2 (екі) жылда бақылау іс-шараларының қорытындылары бойынша қылмыстық істер қозғаумен, құқыққорғау органдарына тапсыру фактілерінің болуы, % -бен
Құқыққорғау органдарының қаулыларымен іске асырылған бақылау іс-шараларының нәтижелері бойынша расталған фактілердің болуы, %-бен
Орталық мемлекеттік органдарды және жергілікті атқарушы органдарды ІАҚ-мен бақылау материалдарының Мемлекеттік қаржылық бақылау стандарттарына сәйкес келмеуі бойынша анықталған жағдайлар
ББӘ және оның ведомстволық бағыныстағы ұйымдарының жосықсыз өнім берушілер тізіліміне қосылған, өнім берушілермен бекітілген шарттарының болуы.
Есепті кезеңнің сатып алуды жүзеге асырудың жалпы көлемінде бір көзден алу тәсілімен мемлекеттік сатып алу үлесі, %-бен
Мемлекеттік мекемелер (бұдан әрі – ММ) бойынша өлшемшарттар
Мемлекеттік мекемемен іске асырылып жатқан бюджеттік бағдарламалардың саны, бірл.
Мемлекеттік органды қаржыландырудың жылдық көлемі, млн. тенге
Соңғы екі жылда бөлінген, бюджет қаражатының жалпы көлеміне шаққанда бақылаумен қамтылған бюджет қаражатының үлесі, %-бен
Бұрынғы кезеңмен салыстырғанда қаржыландыру көлемінің өсуі/төмендеуі, %-бен
Кезеңнің соңында бюджет қаражатының игерілуі, %-бен
Тиісті кезеңнің шығыстар көлеміне шаққандағы бұрынғы бақылаумен анықталған қаржылық бұзушылықтардың ауқымы, %-бен
Бұрынғы кезеңмен салыстырғанда дебиторлық берешек көлемінің өсуі, %-бен
Бұрынғы кезеңмен салыстырғанда кредиторлық берешек көлемінің өсуі, %-бен
Соңғы жүргізілген кешенді тексерудің күні, жылы
Соңғы 2 (екі) жылда бақылау іс-шараларының қорытындылары бойынша қылмыстық істер қозғаумен, құқыққорғау органдарына тапсыру фактілерінің болуы, %-бен

Құқыққорғау органдарының қаулыларымен іске асырылған бақылау іс-шараларының нәтижелері бойынша расталған фактілердің болуы, %-бен
Бақылаумен қамтылған, мемлекеттік сатып алу рәсімдерінің санына шаққанда әкімшілік жауапкершілікке тартуға әкелген, мемлекеттік сатып алулар туралы заңнаманың сақталуын бұзушылықтардың үлесі
Өңірдің бастамашы бюджеттік бағдарламалары
Өңірдің жүзеге асырылған инвестициалық жобалары
ММ ақылы қызметтерін жүзеге асырудан түскен қолма-қол ақшаның бақылау шоттары
Уақытша орналастырылған қолма-қол ақшаны бақылау шоты.
Демеушілік және қайырымдылық көмектен түскен қолма-қол ақшаны бақылау шоттары.
Күрделі шығыстар бойынша міндеттемелерді тіркеу, млн.тңг
15 (он бес) күннен кем емес мерзімдегі азаматтық-құқықтық жауапкершілік келісім шарттарын тіркеу
Жобалау-сметалық құжаттамада көзделген мерзімнен кем, орындалу мерзімімен жұмыстарды орындау бойынша шарттарды тіркеу
Есепті кезеңнің сатып алуды жүзеге асырудың жалпы көлемінде бір көзден алу тәсілімен мемлекеттік сатып алу үлесі, %-бен
Квазимемлекеттік сектор субъектілері бойынша өлшемшарттар
Жарғылық капитал мөлшерінің өсуі/төмендеуі, %-бен
Еншілес және қауымдастырылған ұйымдардың бар-жоғы, бірлік
Шығыстардың жалпы көлеміне шаққанда әкімшілік шығыстардың үлесі, %-бен
Соңғы тексерудің жүргізілген күні, жылы
Қаржылық есептілікті уақытында тапсырмау, %-бен
Мониторинг нәтижелері бойынша қаржылық есеп жасауда бұзушылықтардың болуы, %-бен
Соңғы 2 (екі) жылдағы қаржыландыру көлемі, соның ішінде мемлекеттік тапсырыс бойынша (тапсырыс көлемінен 100 %)
Соңғы 2 (екі) жылда алдыңғы тексерулер қорытындылары бойынша тауар-материалдық құндылықтардың және ақшалай қаражаттың жетіспеушілігі (анықталған қаржылық бұзушылықтардың жалпы сомасының 2 (екі) %-ы)
Бірнеше қаржы кезеңдеріндегі бухгалтерлік есептілікте шығындардың көрсетілуі
Соңғы 2 (екі) жылда алдыңғы бақылау қорытындылары бойынша анықталған қаржылық бұзушылықтардың ауқымы
Бақылаумен қамтылған, мемлекеттік сатып алу рәсімдерінің санына шаққанда әкімшілік жауапкершілікке тартуға әкелген, мемлекеттік сатып алулар туралы заңнаманың сақталуын бұзушылықтардың үлесі
Есепті кезеңнің сатып алуды жүзеге асырудың жалпы көлемінде бір көзден алу тәсілімен мемлекеттік сатып алу үлесі, %-бен
Мемлекеттік бағдарламалар бойынша өлшемшарттар
Қол жеткізілмеген нысаналы индикаторлардың, олардың жалпы санына шаққандағы үлесі, %-бен
Орындалмаған іс-шаралардың, олардың жалпы санына шаққандағы үлесі, %-бен
Жалпы санына шаққанда, бастапқыда бекітілген даму жоспарында көзделген, бюджеттік бағдарламалардың қол жеткізбеген тікелей нәтиженің көрсеткіштерінің үлесі, %-бен
Жалпы санына шаққанда, бастапқы бекітілген стратегиялық жоспарда көзделген мәндерге жетпеген бюджеттік бағдарламалардың түпкілікті нәтижесі көрсеткіштерінің үлесі, %-бен
Даму жоспарына енгізілген өзгерістер мен толықтырулардың жиілігі, саны
Кезеңнің соңында бюджет қаражатының игерілуі, %-бен
Соңғы 2 (екі) жылда анықталған қаржылық бұзушылықтардың үлесі, %-бен

Соңғы 2 (екі) жылда "Әкімшілік құқық бұзушылық туралы" Қазақстан Республикасының Кодексіне сәйкес әкімшілік жауапкершілікке тартылған тұлғалардың саны
Алдыңғы бақылаумен анықталған, мемлекеттік сатып алу қорытындысына әсері тиген, анықталған мемлекеттік сатып алулар туралы бұзушылықтардың ауқымы
Бюджеттік бағдарламалар бойынша өлшемшарттар
Кезеңнің соңында бюджет қаражатының игерілуі, %-бен
Бұрынғы кезеңмен салыстырғанда дебиторлық берешек көлемінің өсуі, %-бен
Бұрынғы кезеңмен салыстырғанда кредиторлық берешек көлемінің өсуі, %-бен
Соңғы 2 (екі) жылда анықталған қаржылық бұзушылықтардың үлесі, %-бен
Соңғы екі жылда бөлінген, бюджет қаражаттарының жалпы көлемінен, бақылаумен қамтылған бюджет қаражаттарының үлесі, %-бен
Тиісті кезеңнің шығыстар көлеміне шаққандағы бұрынғы бақылаумен анықталған қаржылық бұзушылықтардың ауқымы, %-бен
Соңғы жүргізілген кешенді тексерудің күні, жылы
Орталық мемлекеттік органдардың бюджеттік бағдарламалар мақсаттары мен көрсеткіштеріне қол жеткізу бойынша қызметінің тиімділігін бағалау нәтижелері, %-бен

Қазақстан Республикасы
Қаржы министрінің
өзгерістер енгізілген кейбір
бұйрықтарының тізбесіне
2-қосымша
"Қаржылық есептілік аудиті"
рәсімдік стандартына
3-қосымша

Нысан

ЖҚ – Ажырамас тәуекелді бағалау (ЖҚ-АТБ)

Аудит объектісі _____

_____ Аудит кезеңі _____

_____ Аудитті жүргізу мерзімі _____

_____ Мемлекеттік аудитор _____

_____ Мемлекеттік аудит тобының жетекшісі _____

№	Сұрақтар	Жауап (иә/жоқ/ жауап жоқ)	Ескертпе	НҚА сілтеме
1	2	3	4	5
1	Бухгалтерлік есеп компьютерлік жүйенің көмегімен жүзеге асырыла ма			

2	Алдыңғы аудит нәтижелері бойынша қаржылық есептіліктегі қателерді жою бойынша ұсынымдар орындала ма			
3	Қызметкерлердің жоғары жүктелімі жоқ па			
4	Алдағы аудиттелген кезеңдерде жосықсыз іс-әрекеттер бар ма			
5	Қаржылық есептіліктің алдағы аудитінде елеулі қателер табылды ма			
6	Кадр саясаты тиімді жұмыс істей ме: біліктілікті арттырудың мерзімді жұмысын ұйымдастыру			
7	Бухгалтерлік есепті жүргізу мен қаржылық есептілікті жасаудың дұрыстығы мәніне басшылық түсінігі бар ма			
8	Қаржылық есептілікті жасау мен беру мерзімдері сақтала ма			
9	Бухгалтерлік есепті жүргізу мен қаржылық есептілікті жасау саласындағы нормативтік құқықтық актілерге өзгерістермен есеп қызметкерлері уақтылы таныстырыла ма			
10	Басшылыққа немесе е с е п			

	қызметкерлеріне сырттай қысымның болған жоқ па			
11	Күрделі шаруашылық операцияларын дұрыс ресімдеу үшін орындаушылардың жоғары біліктілігі талап етіле ме және ол қолдау таба ма			
12	Шоттарда еңбекақы төлеу жөнінде есеп айырысуды есепке алуда қасақана емес бұзушылықтар болған жоқ па			
Бағалау жиыны				
"Иә" -				
"Жоқ" -				
"Жауап жоқ" -				

Ажырамас тәуекел деңгейін анықтау:

төмен – 0% - 29%;

орташа- 30% - 69%;

жоғары – 70% – 100%.

